



Абай әлемдік деңгейде танылып, адамзат тарапынан мойындалса да әлі күнге дейін оған қара күйе жағып, қаралаушылардың саны азаймай отыр. Бұндай адамдар оң мен солын ажырата қоймаған жас ұрпақтың санасына у себері анық. Облыстық "Дидар" газетінің биылғы 7-шілдедегі №103-104 санында жарық көрген ақын, журналист Нұржан Қуантайұлының Абайдың қайтыс болғанына 105 жыл толуына арнаған "Ұлы Абай отарлау езгісін көрмеген дегенге сенесіз бе?" деген мақаласын семейліктер, зиялы қауым өкілдері жылы қабылдады. Бәрі бірден "көптен ойымызда жүрген дүние еді, деп басыпты" деген пікір айтысты.

Мақалада әу баста Абайдың сұлтандық әулеті, тегі жайлы әңгіме қозғалады. Бұл мәселе жөнінде ең алғаш қалам тербеген Мұхтар Әуезов. Ол Кеңес үкіметінің сойқан сойылына қарамастан алашордалықтар қуғындалған тұста "Абайдың туысы мен өмірі" атты монографиялық еңбек жазды. Кейіннен Мұхаметжан бұл еңбегін өңдеп, қысқартып, уақытқа сай икемдеуге мәжбүр болады. Бірақ, түпнұсқа сақталынып қалады. Түпнұсқаны 1992 жылы республикалық "Абай" журналы №1, 2, 3 сандарында жариялаған. Өкінішке қарай, осы түпнұсқаны оқытып отырған Қазақстандағы жоғары оқу орындарының филология факультеттері некен-саяқ. Көбі кейінгі түзетілген еңбекті пайдалануда. Егер жоғары оқу орындарына абайтану, шәкәрімтану, мұхтартану пәндері жүйелі түрде енесе, небір ұлттық құндылықтарымыздың беті жарқыраы сөзсіз. Түпнұсқада Мұхтар Әуезов былай деп жазады:

"... Қайраты мен қажыры себебінен ел билеп, іс басқаруға келгенде Құнанбай әкесінен өтімдірек болған. Мұның кісілікке толық ілінген кезінде қазақ даласы 1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан устав бойынша өкірекке бөлініп, мүшесінің бірі орыс шенеунігі болады (елдің көбі мұны "майыр" дейді). Үшінші мүшесі кіші сұлтан болады.

Бүгінгі Семей уезіне қарайтын Тобықты Құнанбай тұсында Қарқаралы

округіне қарайтын. Приказ шыққаннан бергі салт бойынша бұл округтің аға сұлтаны ылғи төре тұқымынан болып келген. ...Құнанбай Тобықтының бас кісі болып өрлеп келе жатқан уақытта, қазақ ортасында төре мен қараның жігі ашылып қалған уақыт болады. Әрбір елдің қарадан шыққан Құнанбай сияқты басты жуандары: "Төре қазақтың әрекетін тілейді, берекесін тілемейді" дей бастаған кездері болады.


Көп рудың қалың ортасынан шыққан жуан аталары, өз ауданында төреден салмақсыз болмайды. Төре дегендердің ру басшыларының қолдауымен жуан шығып жүргенін сезе бастайды. Оның үстіне әуелде хан мен төрені ұстаған, патша үкіметі енді қалың елді ұстау үшін, ру басшыларын қолға ұстау керек деген саясатқа ауған кез болады. Осындай екі жақты себептермен әр рудың Құнанбай сияқты жуандарына төрені сөз қылып, түртпектеу салт сияқты болып тарай бастайды. Осы кезде Қарқаралының аға сұлтаны болып тұрған Құсбек төре мен бұрын аға сұлтан болған Жамантайдың партиясы басталады. Ол кезде приказ сайлауына тас салуға жарайтын екі түрлі сайлаушылар болған. Бірі пәлен сомада алым төлейтін бай да, екіншісі төре тұқымдары болатын. Төренің 25 жасқа жеткені түгелімен тас салу құқығына ие. Сонымен Жамантай өзі сұлтан бола алмайтынына көзі жеткен соң өзіне қараған тастарды Құнанбайға салғызып, Құсбек жеңіліп, Құнанбай сұлтан болған.

Құнанбай 4 ай аға сұлтан болып, артынан төрелер бітімдескен соң, қайта жүрілген сайлауда орнын бұрынғы төрелер алған дейді.

Міне, Абайды билік жолына тәрбиелеген Құнанбайдың сұлтандық қызметін Мұхаметжан осылай тереңнен толғап жазған екен. Абайды би, діндар тақуа, сазгер десек те бәрі жарасады. Бірақ, Абай қазақтың бас ақыны екендігін ұмытпауымыз шарт. Осы ретте біз ақын Абайды әр қырынан тану үшін зиялы қауымға сөз беруді жөн санадық.

## Биік шыңға бұлт үйір

XXI ғасырда ұлы тұлғаны толық танып білдік пе?



Абай ақын һәм философ

Мұратбек ОСПАНОВ,  
республикалық "Абай" журналының  
бас редакторы:

- Облыстық "Дидар" газетінде басылған Нұржан Қуантайұлының "Ұлы Абай отарлау езгісін көрмеген дегенге сенесіз бе?" атты мақаласы маған ойртүткі болды. "Дүмше молда дін бұзар". Ал енді сол дүмше молдаңыз

баспасөз бетінде аузына келгенін айтып жатса, діннің қалай бұзылғанын сонда көрер едік" деген сөйлемінен кейін-ақ ішіміз жылып сала берді. Қадала қалдық. Жас та болса жазу өнерінің әр деңгейдегі өкелінен өтіп, ысылып қалған автордың сөз саптасына ын-там ауды. Ұлы Абай атасын "...Оның халқы отаршылдық езгісін, тәуелсіздік, бодандық теперішін көргенмен, өзі (Абайды айтады. М.О.) ондай қиындықты бастан кешірмеді" ("Қазақ әдебиеті", 01.08.2008 ж. 6-бет) деп сынық сөйлеммен жазғырғысы келген мақалаға ақын жігіттің жаны күйіп кеткенін жақсы ниетпен қабылдадық. Қабылдадық та, Нұржан інім айтқандай, "көңілімізде қалып қойған" біраз жайлардың бетін ашқымыз келіп тұр.

Енді бүгін еркіндік алып, етек-жеңімзді бүтіндеген тұста, Абайға айып тағушылар тағы бас көтере бастапты. Бір қарындасымыз "Абайдың ақын қылған Құнанбайдың байлығы" десе, үлкен жасқа жеткен ақын ағамыз "Абай – Пушкиннің көшірмесі" екен деп көкіді. (Ыңғайсыз болса да осылай айтуға тура келіп тұр. М.О.) Қыңырлық пен қырсықтың жолы бір белек, біліп тұрып мойынсұнбау –

нағыз антұрғандық дер едім. Өткен ғасырдың жиырма мен отызыншы жылдар арасындағы ақын философиясы жайлы да аз болғандай, енді бір ғалымсымақ Абай философ емес деп айды аспанға қайта шығарды. Ал сонда неге жетті? Әлем философиясына Абай бөгет болды ма, әлде қазаққа пәлсапа жоқ дегісі келді ме? «Өттең, Әуезов тірі тұрса ғой» деп қапаланасың іштей. "Достан да, дұшпаннан да қайтқан көңілді" қалыңға түсіріп, ақ-қарасын ажыратып берер еді-ау.

Ақындық жайлы айтқанда алдымен ауызға "Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы" оралады. Ахаң бұл тұрасында: "Абай өлеңге басқаша көзбен қарап, басқа құрмет-қыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген" деп бағалайтыны бар. Меніңше, Абай өлеңді сөз патшасына тегін теңеген жоқ. Ішкі иірімін қасиетті Құранмен үндестіріп отыр.

Әуелі аят, хадис – сөздің басы, Қосарлы бәйт – мысал келді арасы. Қисынымен қызықты болмаса сөз, Неге айтсын пайғамбар мен оны аллһсы. Діннен біршама сауат ашып қалған қазіргі оқырманға астарлы асыл ойды бүге-шігесіне

дейін түсіндіру артықтау шығар. Имандай иландырап иірім емес пе.

Осы орайда "Абай" журналы жайлы да тоқтала кетейін. Семейде шығатын республикалық "Абай" журналы осы мәселені ту ете сөз сабақтап келе жатқанына он жеті жыл толды. Негізгі арналы бағыты – абайтану, мұхтартану, шәкәрімтану болып табылатын басылым, халқымыздың тарихы мен тағдырын қоса қамтитын ғылыми тұжырымды материалдар топтамасын үнемі ұсынып отыр.

"Абай" журналының қайта жалғасып шығып жатқан алғашқы жылдары абайтану ғылымына елеулі үлес қосқан марқұм Қайым аға Мұхаметхановпен іс барысында жиі жүздесіп тұратын едік. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қазақ бола алмай қанымыз қарайып жүргенде Қайым ағаға: "Осы Абай атамыз орыстың тілін неге сонша әспеттеді екен?" деп сауал тастағаным бар. Менікі де пенделік. Ақсақалды сөйлеткім келді.

- Е-е-е, - деп терең бір күрсініп алды да, жайымен ғана мына мәселелерді тарқтап жөнелді, - жиырма бесінші сөзін айтасың ғой. Ол ойлар М.Әуезовтің "Абай жолынан" да

орын алған. Құнанбаймен сөз қағыстыратын тұсында. Ептеп уақыт ыңғайына көңуге мәжбүр болды ғой Мұхаметхан. Әйтпесе арғы астарында өзіңнен үстем тұрған ұлттың тілін білу арқылы тарихын, тағдырын, ұстаған саясаты мен келешек бағдарын сүзгіден өткізесің. Сонда ғана онымен тең дәрежеде тіресе аласың, Абайша айтқанда дағуасына түсесің, - деген еді.

Осы ұстаным бүгінмен де іштесіп жатыр. Елбасымыз тілдердің үштұғырлығына асқан көрегендікпен қолдау жасап отыр. Абайдай ақыны бар қазақтың әлемдік озық оймен иық теңестіретін күні туып келеді. Тек ішіміздегі ілгіштердің санасына құдай тәуіпк берсе. Ал журналист Нұржан Қуантайұлының «Абайтану пәні барлық университеттердің филология факультеттеріне енгізілуі керек» деген пікіріне қосыла отырып, орта мектептердегі абайтану сабағының өзекті мәселелері ұшан-теңіз екенін ескерткім келеді. Ұстаздар сағат алу үшін емес, шәкірттер сабақ алу үшін байыпты бағдарлама жасалуы қажет. Нақтылап айтқанда, ұлы Абай ұлттық идеологиямыздың ұшар басында тұрғаны абзал.

### Абай туралы абайлап сөйлейік

Майкен ЖҮНІСОВА,  
Абайдың тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық мұражайы директорының орынбасары:

- Әлі есімде, сонау 80-ші жылдары болатын. Өскемен тұрғыны Евгений Курдаков деген ақын "Книжное обозрение" деген басшылында Абайдың өліміне байланысты, «Апиынан өліп кеткен сияқты» деген мақала жария-лады. Неге екенін қайда, біздің Жазушылар одағы үндемей қалды. Кейіннен Кур-

даков "Ленинская смена" газетіне Абайдан аударған өлеңдерін жариялады. Мен өз басым Евгений Курдаковтың ақындығын жоғары бағалаймын. Аудармасы керемет екен. Бас алмай оқып шықтым. Мүмкін, ол басындағы Абайдың өлімі жайлы жәй біреуден естіп жаза салғандығынан ұялды ма деген де ой келді. Жаңа айтып өткен аударма өлеңдерін қарап отырсам, қазақ эпостарының үлгісіне ұқсайды екен. Әр аудармасының тұсына Абайдың қазақ тіліндегі өлеңін эпиграф қып алыпты. Әсіресе, "Желсіз

түнде жарық ай" өлеңі қалай сәтті аударылған десейші? Ол кейіннен Мәскеуге кетіп қалды. Кезінде ол "Орыс әдебиетінің ең үздік ақындары" деген Ресейде жарияланған конкурсқа да қатысқан еді. Сонда ол үздік ақын ретінде танылып, теледидардан сұхбат берді. Сұхбатында ол былай деді: «Мен қазақ әдебиетінен үлгі алдым. Еуразия құрлығында тұрғаныммен, Шығыстың әдебиеті маған үлкен әсер етті» деді. Әрине, бұл да болса Абайға деген құрметі шығар.

Тірі адамды біреу балағаттаса

ол сотқа береді, ендеше Абайды беталды құстаналауды неге тоқтатпаймыз осы. Абай өзінің "Болыс болдым, мінеки" деген өлеңінде пара ұсынушы қазақ байын да, соны алушы орыс шенеунігін де сынаған.

Евгений Петрович Михазлистің Омбы мұрағатынан табылған бір хатында Абай жайлы былай дап жазды: "В крайне моему сожалению я не могу оказать отделу в сборе местных киргизских сказок и легенд, так как по незнанию киргизского языка и по недостатку времени, полагаю



Аксиомаға айналған ақиқат

Молдабек ЖАНБОЛАТҰЛЫ,  
ҚР оқу-ағарту ісінің озаты, этнограф,  
шежіреші, қаламгер:

Хәкім Абай – тақуа жан  
Мақсат АЛТЫБАЙ,  
Семей қаласындағы Әнет баба атындағы Орталық мешіттің наиб имамы:

- Қазақ "өлісінің жаманы жоқ, тірісінің жаманынан аман жоқ" дейді. Абайдың дінге көзқарасын оның өлеңдерін оқып отырып, айтпай-ақ білуге болады. Абайдың адамзатқа деген махаббаты қандай?! Ақынды біз бала кезімізден білеміз. Өзіміз Абай ауданында туып-өскендіктен де ұранымыз Абай болды. Үлкендерден естіп өстік. Шәкәрімді қаражат бөліп, қажылыққа шығарып салған ақын бабамыздың мына бір өлең жолдары бар: Кеше бала ең келдің ғой талай жасқа, Көз жетті бір қалыпта тұра алмаса.

Карабайыр түсініктегі "сұлтан әулетіне" кімдер жататынын, кімдер жаппайтын, бодан елдегі отаршылдық езгіден оның ешбір мүшесі сырт қала алмайтынын білмейтін жетесіздің орыс империясының сұрқия саясатын түсінуге ой-өрісі қалай жетсін. Отаршылдықтың бодандық теперіші тек "патша салығы" деп ұққан адамнан қалай өрісті ой туар?!

"Ойлы адамға бұл өмірде ләззат жоқ" екенін түсінген дана Абай өлеңдерінде бәрін ашытып кеткен ғой. Бірақ, "әкенің баласы болма...", "қоғамның қажетті кірпіші бол" деген түсініктегі пайғамбар пиғылды ұлы жанның "өзі үшін оттаған хайуан болмай" халқының

мүддесін, ар-намысын қорғауды бақыт санағанын пақырлар қайдан ұқсын.

Отаршылдардың халық тарихын ел жадынан өшірудің айла-шарғысы Абай заманында етек алғанды. Өз қаржысына мешіт-медресе салып, оқуғарту орындарын ашу үшін де жоғарғы үкі-мет орындарының табалдырығын тоздырған адам ғана рұқсат ала алатын.

Қарашекпенділер таңдаған жеріне зорлықпен қоныстанып, оның маңына мал түгілі жан басқызбайтын қиянатты бүкіл байырғы тұрғын - халық көрді. Қолдан келер қайраны жоқ ұлы Абай да күйіншіткі көңілмен елініңынтымақты бірлікке, еңбекке, білімге шақырды. Кәсіпкерлікке,

адамгершілікке, имандылыққа уағыздады. Асық болар қасиеттер кілті - орыстың ғылымын оқып, өнерін үйрену арқылы онымен бірдейлік дағуасына кіруді, аса арызданып жалынбай, арқадан қаққан ұлыққа алданбай оның тілін, ғылымын, заңын біліп жұрт қатарына қосылу қамын жеу ниетіне елін үйретіп бақты...

Ұлы Абайдың өнері мен өмірі - өзінің ұлағатты үлгісімен ұлылығын танытқан қасиет. Оған қиянатты шабуыл жасаушылардың қағаз оғы өздеріне тиіп қоқырсы бермек.

Сондықтан бұрын да талай айтылып, біраз шаралар жасалып жүрген ұлы Абай шығармаларын оқыту, ұлты-

мыздың рухани қазынасы - абайтану іліміне мемлекеттік мәртебе беріп, оны отбасы, балабақшадан бастап барлық оқыту, тәрбиелеу ісінің алтын арқауына айналдыру қажет деген "Дидар" газетінің бастамасын, еліміздің барлық зиялы қауымы қуана мақұлдайды деп ойлаймын.

Елтану және абайтану іліміне қатысты өзекті де өткір мәселені Нұржан Қуантайұлы дер кезінде, әрі ұстаздық ұстанымы тұрғысынан алғанда, әрі сұрақ-жауап үлгісінде өте дұрыс қойған. Автордың "абайтану пәні барлық университеттердің филология факультетінде енгізілуі қажет" деген ұсынысын қостай отырып, біз, абайтану курстары



Әзірлеген - Раушан Нұрмалбаева  
Суреттер автордың